

Қазақстан Республикасына арналған халықаралық квоталарды Біріккен Ұлттар Ұйымының Есірткіні бақылау жөніндегі халықаралық комитетінің бекітуі үшін Қазақстан Республикасының есірткі және психотроптық заттарға қажеттілігінің 2024 жылға арналған нормалары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 14 қыркүйектегі № 801 қаулысы

"Есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасына арналған халықаралық квоталарды Біріккен Ұлттар Ұйымының Есірткіні бақылау жөніндегі халықаралық комитетінің бекітуі үшін Қазақстан Республикасының есірткі және психотроптық заттарға қажеттілігінің 2024 жылға арналған нормаларын Біріккен Ұлттар Ұйымының Есірткіні бақылау жөніндегі халықаралық комитетінің штаб-пәтеріне (Вена, Аустрия Республикасы) жіберсін.

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі халықаралық квоталар бекітілгеннен кейін есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларға 2024 жылға арналған мемлекеттік квотаны бекіту үшін лицензиялары бар заңды тұлғалар олардың айналымын соның шегінде жүзеге асыратын қажеттілік есептерін белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2023 жылғы 14 қыркүйектегі
№ 801 қаулысына
қосымша
В нысаны

Қазақстан Республикасының есірткі және психотроптық заттарға қажеттілігінің 2024 жылға арналған нормалары Есірткі заттарға қажеттіліктің, синтетикалық есірткі заттарын дайындау көлемінің және апиын көкнәрін, каннабис өсімдігі мен кокаин бұтасын өсіру алаңының жылдық есептеулері 1961 жылғы Есірткі заттары туралы бірыңғай конвенция:

1, 12 және 19-баптар

1961 жылғы Есірткі заттары туралы бірыңғай конвенцияға Түзетулер жөніндегі 1972 жылғы

Хаттама: 5 және 9-баптар

ВЕДОМСТВО: Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі

ЖАУАПТЫ ЛАУАЗЫМДЫ АДАМНЫҢ Т.А.Ә.:

Сентаев Қайрат Имятулы

ЛАУАЗЫМЫ: Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары

ҚОЛЫ: _____

Есептеу күнтізбелік 2024 жылға жатады

ЕСКЕРТПЕЛЕР

Осы есептеулер бір данада:

БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫНЫҢ ЕСІРТКІНІ БАҚЫЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОМИТЕТІНЕ ұсынылады

International Narcotics Control Board

Vienna International Centre

P.O. Box 500, 1400 Vienna Austria

Телефон: (+43-1) 26060-4277 Факс: (+43-1) 26060-5867

Эл. почта: secretariat@incb.org Веб-сайт: <http://www.incb.org/>

В нысаны

I бөлім Жалпы ақпарат және әдісті баяндау

Елдегі немесе аумақтағы практикалаушы дәрігерлердің саны:

дәрігерлер: 58739 тіс дәрігерлері: 4532 ветеринарлар: 1065

Дәріханалар саны: 12941

Ауруханалар саны: 780 ауруханалық төсектердің жалпы саны: 107595

Әдісті баяндау

Есептеулерді белгілеуге арналған әдіс – **эмпирикалық**

В нысаны

II бөлім Есірткі заттарға қажеттіліктің жылдық есептеулері (барлық елдер мен аумақтар үшін)

	1	2	3	4		
Есірткі	Ел ішінде медициналық және ғылыми мақсаттарда тұтынуға арналған мөлшері	Дайындауға арналған мөлшері		Есептегі жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қоймадағы қорда сақталуға тиіс мөлшері		
		(a) басқа да есірткі заттар	(b) 1961 жылғы Конвенцияның III тізіміне енгізілген препараттар		(c) 1961 жылғы Конвенция қолданылмайтын заттар	Арнайы қойма қорын толықтыруға арналған мөлшері
		Осы есірткі заттар, препараттар немесе заттар ел ішінде тұтынуға немесе экспортқа арналғанына қарамастан				
	кг г	кг г кг г кг г	кг г	кг г		

Ацетилдигидрокодеин		0,06										
Героин		0,153										
Дезоморфин		0,02										
Кодеин	3	60,8277										
Кокаин		0,023										
Метадон	18	987,913										
Морфин	25	548,24										
Оксикодон	17	803,44										
Оmnopон		441,19										
Тебаин		7,024										
Тримеперидин	49	742,296										
Фентанил	3	347,8296										
3 - моноацетилморфин		0,101										
6 - моноацетилморфин		0,086										

В нысаны

III бөлім Синтетикалық есірткі заттарды дайындау көлемінің жылдық есептеулері (синтетикалық есірткі дайындау рұқсат етілген елдер мен аумақтарға ғана қатысты)

Синтетикалық есірткі заттар дайындайтын өнеркәсіптік кәсіпорындар	Өнеркәсіптік кәсіпорындардың әрқайсысында дайындалатын синтетикалық есірткі заттардың мөлшері (килограммен)			
	Кодеин	Морфин	Тримеперидин	Фентанил
"Химфарм" акционерлік қоғамы		2,429637	9,021653	0,165885
"ВИВА Фарм" жауапкершілігі				

шектеулі серіктестігі	0,0003767	1,5041		
-----------------------	-----------	--------	--	--

В/Р нысаны

1971 жылғы Психотроптық заттар туралы конвенцияның I, II, III және IV тізімдеріне енгізілген заттарға жыл сайынғы медициналық және ғылыми қажеттілікті бағалау

(Экономикалық және Әлеуметтік кеңестің 1981/7, 1991/44, 1993/38 және 1996/30 қарарларына сәйкес Біріккен Ұлттар Ұйымының Есірткіні бақылау жөніндегі халықаралық комитетіне ұсынылады)

ЕЛ/АУМАҚ: Қазақстан Республикасы КҮНІ: _____
 ВЕДОМСТВО: Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
 ЖАУАПТЫ ЛАУАЗЫМДЫ АДАМНЫҢ Т.А.Ә.:
Сәнтаев Қайрат Имятулы
 ЛАУАЗЫМЫ: Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары
 ҚОЛЫ: _____
 Есептеулер күнтізбелік 2024 жылға жатады

ЕСКЕРТПЕЛЕР

Осы есептеулер бір данада:
 БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫНЫҢ ЕСІРТКІНІ БАҚЫЛАУ ЖӨНІНДЕГІ
 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОМИТЕТІНЕ ұсынылады
 International Narcotics Control Board
 Vienna International Centre
 P. O. Box 500, A-1400 Vienna, Austria
 Телефон: + (43) (1) 26060-4277 Факс: + (43) (1) 26060-5867 немесе 26060-5868
 Эл. почта: secretariat@incb.org, Psychotropics@incb.org
 Негізгі бет: www.incb.org

Ішкі медициналық және ғылыми мақсаттарға арналған жылдық сұраныс

Комитет ұсынылған бағалауды үш жыл бойы, егер осы кезең ішінде қандай да бір түзетулер енгізілмесе, басшылыққа алатын болады. Экспортқа қажетті мөлшерді жеке көрсеткен жөн. Егер олар енгізілген болса, көрсетуді сұраймыз.

В/Р нысаны

I тізімге енгізілген психотроптық заттарға қажеттілікті бағалау

Коды	Зат	Килограмм	Грамм	Коды	Зат	Килограмм	Грамм
PC 010	Катинон		0,02	PL 002	(+) - Лизергид ЛСД		0,04
PM 011	МДМА		0,035	PM 013	ММДА		0,01

PB 006	Бупренорфин		0,04		Кетамин	141	722945
	Трамадол	212	745718		Этизолам		0,01

IV тізімге енгізілген психотроптық заттарға қажеттілікті бағалау

Коды	Зат	Килограмм	Грамм		Коды	Зат	Килограмм	Грамм
PA 004	Альпразолам	1	66434		PN 002	Нитразепам		0,032
PB 001	Барбитал		0,063		PO 001	Оксазепам	12	89374
PD 005	Делоразепам		50		PP 019	Пировалерон		0,02
PD 006	Диазепам	60	849045		PP 024	Феназепам		0,04
PZ 002	Золпидем		0,01		PP 008	Фенобарбитал	341	336263
PC 004	Клобазам		92		PC 003	Хлордиазепоксид	4	102897
PC 005	Клоназепам	7	32935					

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК